

**Баспасөз хабарламасы**

Астана қ., 24 қазан 2023 жыл

**«ҚазТрансОйл» АҚ «Атырау-Самара» мұнай құбыры арқылы Қашаған кен орнының мұнайын ай сайын кем дегенде 80 мың тонна көлемінде экспорттайды**

2023 жылдың қазанынан бастап 2024 жылдың сәуіріне дейін «ҚазТрансОйл» АҚ Қашаған кен орнынан мұнайды айын кем дегенде 80 мың тонна көлемінде «Өзен-Атырау-Самара» магистральдық мұнай құбырының «Атырау-Самара» учаскесі арқылы, одан әрі «Транснефть» ЖАҚ жүйесі арқылы, кейіннен Қара теңізге (Новороссийск порты, Шесхарис терминалы) жөнелтеді.

Бұл шара күзгі-қысқы кезеңде «Өзен-Атырау-Самара» магистральдық мұнай құбырының «Атырау-Самара» учаскесінде мұнай айдаудың барынша техникалық мүмкіндігін сақтау мақсатында жүргізілуде.

Шикізатты жөнелтушілер: «Аджип Каспиан СИ Б.В.», «ЭксонМобил Казахстан Инк.», «Инпекс Норт Каспиан СИ ЛТД», «КННК Казахстан Б.В.», «ТотальЭнерджиз ЭП Казахстан», ЧКОО «КМГ Кашаган Б.В.» и «Шелл Казахстан Девелопмент Б.В.».

Еске салайық, 2023 жылдың наурыз айында «ҚазТрансОйл» АҚ сынақ түрінде Қашаған кен орнынан 6,9 мың тонна мұнайды Ақтау порты арқылы одан әрі Баку портына экспортқа тиеп жіберді. Мұнай жөнелтуші «Инпекс Норт Каспиан СИ ЛТД».

**Анықтама үшін:**

«ҚазТрансОйл» АҚ – магистральдық мұнай құбыры бойынша ұлттық оператор. «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ тобына кіреді. Ұзындығы 5,4 мың км магистральдық мұнай құбырларының әртараптандырылған желісіне ие.

**«ҚазТрансОйл» АҚ  
жұртшылықпен байланыс  
және ішкі коммуникациялар департаменті**